

«ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ДЕНСАУЛЫҚ САҚТАУ МИНИСТРЛІГІ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
КОМИТЕТІ



«КОМИТЕТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
МИНИСТЕРСТВА
ЗДРАВООХРАНЕНИЯ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
САНИТАРИЯЛЫҚ-
ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ БАҚЫЛАУ
ДЕПАРТАМЕНТІ»
РЕСПУБЛИКАДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК
МЕКЕМЕСІ

РЕСПУБЛИКАНСКОЕ
ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ
ДЕПАРТАМЕНТ САНИТАРНО –
ЭПИДЕМИОЛОГИЧЕСКОГО КОНТРОЛЯ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

АҚМОЛА ОБЛЫСЫНЫҢ
БАС МЕМЛЕКЕТТІК
САНИТАРИЯЛЫҚ ДӘРІГЕРІ

ГЛАВНЫЙ ГОСУДАРСТВЕННЫЙ
САНИТАРНЫЙ ВРАЧ
АКМОЛИНСКОЙ ОБЛАСТИ

ҚАУЛЫСЫ

2020ж. 10.11

Кокшетау қаласы

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

№ 170

с/р Кокшетау

Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын қатаңдату туралы

Қазақстан Республикасының халқы арасында COVID-19 (бұдан әрі – COVID-19) коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 07 шілдедегі Кодексінің 9-, 36-, 102-, 104- және 107-баптарына, «Пайда болу және таралу қаупі төнген кезде шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілетін инфекциялық аурулардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 25 ақпандағы № 130 бұйрығына және «Шектеу іс-шараларын жүзеге асыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 239 бұйрығына, «Қазақстан Республикасының халқы арасында коронавирустық инфекция ауруының алдын алу жөніндегі шараларды одан әрі күшейту туралы» Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 23 қазандағы № 57, «Карантиндік шектеу шаралары және оларды кезең-кезеңімен жеңілдету туралы» 2020 жылғы 23 қазандағы № 58, «Қазақстан Республикасы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қаулысына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы» 2020 жылғы 02 қарашадағы № 62 қаулыларына сәйкес және Ақмола облысының тұрғындары арасында COVID-19 жағдайларының тіркелуіне байланысты (соңғы аптада а.ж. 03-09 қараша аралығында COVID-19 254 жағдайы тіркелген (100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш – 32,3), өткен аптада – 159 жағдай (көрсеткіш 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 19,4) өсім – 0,9% (өсім 1,6 есе). Өткен аптада – 159 жағдай (көрсеткіш 100 мың халыққа шаққандағы көрсеткіш 19,4). Апта сайынғы өсім 1,6 есе. COVID-19 ауруының 7 күн ішіндегі расталған және тіркелген ықтимал жағдайлары негізінде репродуктивті саны – 1,21-ден 1,46-ға дейін). Соңғы үш аптада Кокшетау қаласының тұрғындары арасында COVID-19 ауруының өсімі 3,1 есе ұлғайған. **ҚАУЛЫ ЕТЕМІН:**

1. Ақмола облысының аумағында шаруашылық және өзге де қызмет пен халықтың өмір сүруінің ерекше жағдайларын эпидемиологиялық жағдай

тұрақталғанға дейін Ақмола облысының аумағында шектеу іс-шараларынан жүргізілуі қамтамасыз етілсін.

2. Ақмола облысының тұрғындары:

1) ҚР БМСД-нің № 57-қаулыға № 4-қосымшаға сәйкес жеке қорғаныш құралдарын (бір рет және бірнеше рет қолданылатын бетперделерді) қолдану және кәдеге жарату алгоритмін және кемінде 2 метр әлеуметтік қашықтықты сақтауды қамтамасыз етсін;

2) КВИ алдын алу және тарату жөніндегі іс-шараларға тартылған ұйымдарды және тіршілікті қамтамасыз ететін кәсіпорындарды қоспағанда, Кокшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Чайкино кенті, Станционный кенті аумағы бойынша сағат 21:00-ден сағат 06:00-ге дейін тұрғындардың жая және атоколік жүргізушілеріне жүріп-тұруына тыйым салуды, Ақмола облысының басқа өңірлеріндегі елді мекендер бойынша сағат 23:00-ден сағат 06:00-ге дейін тұрғындардың жаяу және автоколік жүргізушілеріне жүріп-тұруын шектеуді;

3) отбасылық, естелік іс-шараларды (банкет, үйлену той, мерейтой, дұға) және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салу;

4) облыс тұрғындарының қоғамдық тамақтану объектілерінде (отбасылық, естелік іс-шаралар (банкет, үйлену той, мерейтой, дұға), сондай-ақ үйде ұйымдастырылған көпшілік жиналатын іс-шараларға баруына тыйым салуды;

5) мына жағдайлар:

- азық-түлік, бірінші кезекте қажетті тауарлар, дәрі-дәрмек және медицина бұйымдарын сатып алу;

- шұғыл жағдай бойынша медициналық мекемеге баруды қоспағанда, 65 жастан асқан адамдарға аса қажетті себептерсіз үйлерінен шықпауға кеңес берілсін.

6) әлеуметтік қашықтықты және жеке қорғаныш құралдарын (бір рет және бірнеше рет қолданылатын бетперделерді) қолдану мен кәдеге жаратуды сақтай отырып, ойын-сауық орындарсыз саябақтарға, алаңдарға, скверлерге және өзге де демалыс орындарына топта 3 адамнан артық емес немесе бір отбасы мүшелеріне баруға рұқсат беруді;

7) жерлеу іс-шараларын жүргізу кезінде кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, (отбасы мүшелері) 30 адамнан артық жиналуға жол берілмесін.

3. Кокшетау қаласының әкімі:

1) Кокшетау қаласының карантин аймағына Ақмола облысында тұрмайтын адамдардың ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтижесі бар, оны алған сәттен бастап 3 тәуліктен аспаған анықтамасыз кіруіне тыйым салуды;

2) Полиция департаментімен бірлесіп Кокшетау қаласының карантиндік аймағының периметрін уақытша орнатуды, санитариялық бекеттерді орната отырып, қалаға кіру және шығу пункттерін белгілеуді қамтамасыз етсін;

3) санитариялық бекеттердің қызметі осы қаулыға қосымшаға сәйкес жүзеге асырғанды;

4) санитариялық бекеттерге қатыстырылған қызметкер қажетті құралдармен, тамақпен, электр қуатымен, жеке қорғаныш құралдармен жабдықтауды қамтамасыз етсін.

4. Ақмола облысының әкімдігі, аудан және Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері, «Атамекен»ӨКП:

- 1) БМСД-нің №58 қаулыға 1-қосымшаға сәйкес тиісті Дайындық актілерін алғаннан кейін объектілердің қызметін жандандыруды;
- 2) InfoKazakhstan.kz сайтынан электрондық формаға берілетін санитариялық нормаларға сәйкес келетін Сәйкестік Актісі негізінде;
- 3) көпшілік мониторинг мүмкіндігі үшін объектінің кіре берісіндесанитариялық нормаларға Сәйкестік актісін көзге көретін жерге орналастыруды;
- 4) шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантин енгізілген кезде объектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптармен танысу үшін InfoKazakhstan.kz сайтында объектінің жұмысы туралы халықты, жеке және заңды тұлғаларды хабардар етуді;
- 5) бұзушылықтарды жою үшін кәсіпкерлер дер кезінде шара қабылдау мақсатында шағымдарды және карантин режимін бұзу фактілерін орналастыру үшін InfoKazakhstan.kz сайтты пайдалануды;
- 6) шектеу іс-шаралары, оның ішінде карантин енгізілген кездеобъектілердің жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптардың сақталуын кәсіпкерлік субъектілерін тексеруді жүзеге асыратын инспекторлар мен аудитор ұйымдарының тізімін InfoKazakhstan.kz сайтына орналастыруды;
- 7) InfoKazakhstan.kz сайтындағы объектінің паспортына келушілердің үй-жайлардың жоспарланған толтырылуы туралы мәліметтерді кәсіпкерлік субъектісінің енгізуін (шектеу іс-шараларын, оның ішінде карантинді енгізу кезеңіндегі объектілердің қызметіне қойылатын талаптарға сәйкес, осы қаулыға және № 43 ҚРБМСДҚ-ға қосымшаларда айқындалатын 1 адамға белгіленген алаң ескеріле отырып айқындалады және енгізіледі);
- 8) «InfoKazakhstan» электрондық порталының жұмысы іске қосылғаннан кейін, объектілер белгіленген талаптарға сәйкес келген кезде бизнес объектілерінің қызметін қайта бастауға арналған актіні электрондық түрде беруді **қамтамасыз етсін.**

5. Ақмола облысының әкімдігі, аудандар мен Көкшетау, Степногорскқалаларының әкімдері:

- 1) көпшілік іс-шараларын (мерекелік, спорткөпшілік, ойын-сауық мәдени-көпшілік іс-шараларды, форум, конференция, семинар, көрме және т.б. өткізуге), отбасылық, естелік іс-шараларды (банкеттер, үйлену тойлары, мерейтойлар, дұға) және көпшілік жиналатын өзге де іс-шараларды, оның ішінде үйде өткізуге тыйым салуды;
- 2) ойын-сауық мекемелерінің (караоке, бильярд, боулинг орталықтары, компьютер клубтары, түнгі клубтар,жабық үй-жайлардағы балалардың ойын алаңдары мен аттракциондары, батуттар және тағы басқалар), букмекер кеңселерінің және ерссектер мен балаларға арналған өзге де ойын-сауық орындарының, кальяи мекемелерінің (оның ішінде қоғамдық тамақтану объектілеріндегі) қызметінетыйым салуды;

- 3) фудкорт, банкет залдарының қызметінетыйым салуды;
- 4) спортшылардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде оқу-жаттығу жиындары мен жарыстарға қатысуы үшін шығына тыйым салуды;
- 5) ҚР БМСД-нің №58-қаулысына 3-қосымшаға сәйкес алгоритмді сақтай отырып, (қашықтық форматында өткізуге мүмкіндік болмаған жағдайда) бір мезгілде 20 қатысушыдан асырмайжәне бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған,бетпе-бет жиналыстар (отырыстар) өткізуге рұқсат беруді;
- 6) ашық ауадағы аттракционқызметіне тыйым салуды;
- 7) діни объектілердің (мешіт, шіркеу, собор, синагога және т. б.) қызметіне тыйым салуды;
- 8) мәдениет объектілерінің (жеке, топпен репетиция), кітапханалар, мұражайлардың қызметінетыйым салуды;
- 9) театр, кинотеатрқызметіне тыйым салуды;
- 10) бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, азық-түлік дүкендерінің жұмыс тәртібін сағат 09.00–ден 20.00-ге дейін шектеуді;
- 11) Ақмола облысы Полиция департаменті бекіткен тізім бойынша Көкшетау қаласы бойынша таксиқызметінің жүріп-тұруын (отбасы мүшелерін қоспағанда, 2 адамнан артық емес) сағат 21:00-ден 06.00-ге дейін шектеуді;
- 12) ҚР БМСД-нің № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайдакелушілердің санын30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. сақталған, алаңы 500ш.м-ден артықсауда ойын-сауық орталықтарының, сауда объектілерінің, азық-түлік емес дүкендерінің қызметі жұмыс күндері сағат 10:00-ден 19.00-ге дейін, сенбі күні сағат 10.00-ден сағат 17.00-ге дейін шектелсін. Олардың ішіндегі азық-түлік супермаркеттері мен дәріханаларды қоспағанда,жексенбі және мереке күндері қызметке тыйым салуды;
- 13) ҚР БМСД-нің № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда келушілердің санын30%-дан асырмай және бір келушіге кемінде 4 ш.м. азық-түлік емес және азық-түлік жабық базарларының (базарлар үнііндегі сауда үйлері, сауда орталықтары, навильон, дүкен және т. б.) жұмыс күндері сағат 10:00-ден 19.00-ге дейін, сенбі күні сағат 10.00-ден сағат 17.00-ге дейін қызметін шектеу. Жексенбі және мереке күндері қызметке тыйым салуды;
- 14) ҚР БМСД-нің № 57-қаулысының талаптарын сақтай отырып, бекітілген кесте бойынша санитариялық күн өткізе отырып, сенбі, жексенбі және мереке күндері азық-түлік және азық-түлік емесашық базарлардың жұмыс режимін сағат 10:00-ден 17:00-ге дейін шектеуді;
- 15) ҚР БМСД-нің №57-қаулысының талаптарын сақтай отырып, (объект персоналы қорғау құралдарымен қамтылуы тиіс, персонал қолғапсыз, бетпердесіз жұмысқа жіберілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (официант) қолғапсыз, қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат берілмейді), көпшілік жиналатын салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық және басқа да іс-шараларды өткізбей, бір мезгілде 30 келушіден артық емес, 30 келушігедейін орналастыра алатын объектілер үшін-есептік қуаттың 50%-ынан артық емес, үстел арасындағы қашықтық 2 метрден кем емес және келушілер арасында 1 метрден кем емес қашықтықты сақтап, жұмыс тәртібін:

- Кокшетау қаласы, Красный Яр ауылы, Чайкино кенті, Станционный кенті бойынша жұмыс күндері қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне сағат 08.00-ден 19.00-ге дейін рұқсат беріледі. Сенбі, жексенбі және мереке күндері қызметке тыйым салу, жұмыс режимін сағат 08.00-ден 21.00-ге дейін шектей отырып, тек тамақ жеткізетін қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беріледі;

- Акмола облысының қалған өңірлерінің елді мекендерінде қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне сағат 08.00-ден 22.00-ге дейін рұқсат беріледі.

16) салтанатты, отбасылық, естелік, ұжымдық іс-шаралар және басқа да адамдар көп жиналуы мүмкін салтанатты, отбасылық, ұжымдық іс-шаралар өткізбей, бір мезгілде 30 келушіден артық емес, үстелдер арасындағы қашықтық кемінде 2 метр және келушілер арасында кемінде 1 метр қашықтықты сақтай отырып, жұмыс режимін сағат 07.00-ден 21.00-ге дейін шектей отырып, балалар мен ересектерге арналған жыл бойы жұмыс істейтін сауықтыру пинажайлары, демалыс үйлері, оларда тұратын және жұмыс істейтін адамдарды тамақтандыру шартымен опержәсіптік кәсіпорындардың асханалары жапындағы қоғамдық тамақтандыру объектілерінің қызметіне рұқсат беріледі. ҚР БМСД-нің № 57-қаулысының талаптары сақтай отырып, объект персоналы қорғау құрылдарымен қамтамасыз етілуі тиіс, персонал қолғапсыз, бетпердесіз жұмыс жасауына жол берілмейді, келушілерге қызмет көрсеткен кезде персоналдың (даяршылар) қолғапсыз және қорғау экрансыз жұмыс жасауына рұқсат бермеуді;

17) ҚР БМСД-нің № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда санитариялық нормаларға Сәйкестік актісі болған жағдайда, алдын ала жазылу бойынша, клиент залында (4 шаршы метрге 1 адам және онтайлы жұмыс аймақтарының шекараларын белгілей отырып, кресло арасында кемінде 2 метр қашықтық) әлеуметтік қашықтықты сақтау мүмкіндігі есебінен келушілердің толтырылуы сақталған жағдайда сұлулық салондарының, шапқараздардың, СПА орталықтарының және косметологиялық қызмет көрсететін объектілердің қызметіне жұмыс тәртібі сағат 08.00-ден 19.00-ге дейін рұқсат беріледі. Жексенбі күндері қызметке тыйым салуды;

18) ҚР БМСД-нің № 57- қаулының талаптары сақталған жағдайда алдынала жазылу бойынша топтарда 15 адамнан артық емес балалар кабинеттерінің/түзету орталықтарының, балалар мен ересектердің білім беру орталықтарының қызметіне жұмыс тәртібі сағат 08.00-ден 19.00-ге дейін рұқсат беруді;

19) ҚР БМСД-нің №57- қаулының талаптары сақталған жағдайда жұмыс күндері алдын ала жазылу бойынша келушілердің санын 50%-дан асырмай және бір адамға 5 шаршы метрден кем емес қамтамасыз ету кезінде фитнес-орталықтары, тренажер залдары мен спорттық-сауықтыру орталықтарының қызметіне жұмыс тәртібі сағат 08.00-ден 19.00-ге дейін рұқсат беріледі. Жексенбі күндері қызметке тыйым салуды;

20) ҚР БМСД-нің №57-қаулының талаптары сақталған жағдайда келушілердің санын 50%-дан асырмай және бір адамға 4 шаршы метрден кем емес

орын арнаған монша, саунақызметіне жұмыс режимі сағат**08.00-ден 19.00-ге дейін** рұқсат беруді;

21) ашық ауада жеке және топтық жаттығуларға (топта 5 адамнан асырмай) жұмыс режимі сағат **07.00-ден 19.00-ге дейін** рұқсат беруді;

22) Ұлттық құрама, клуб командалары үшін спорттық жаттығуларға (30адамнан артық емес, байланыссыз термометрия, спорт базаларында тұру) жұмыс режимі сағат**07.00-ден 19.00-ге дейін** рұқсат беруді;

23) жеке және топтық жаттығулар үшін спорт кешендерінің қызметіне **5 адамнан артық емес** рұқсат беруді;

24) ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда, қоғамдық көліктің жұмысына (қарбалас сәтте автобустар санының артуы, кондуктордың болуы, сонғы аялдамада дезинфекциялық құралдармен өңдеу, барлық есіктердің ашылуы, отыратын орын саны бойынша толықтырылуы) жұмыс режимі жұмыс күндері сағат **07.00-ден 20.00-ге дейін**, сенбі күндері сағат **08:00-ден 10.00-ге дейін және 17.00-ден 20.00-ге дейін** рұқсат беріледі. Жексенбі және мереке күндері қоғамдық көліктің жұмысын тоқтата тұруды;

25) жеке автокөліктің өңірлер арасында жүруіне рұқсат беруді;

26) ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда мемлекеттік органдар (ұйымдар, кәсіпорындар), квазимемлекеттік сектор органдарының, ұлттық кампаниялар, өзге де ұйымдардың, сондай-ақ кәсіпкерлік субъектілерінің қызметіне жұмыс режимі сағат**09.00-ден 18.30-ге дейін** рұқсат беріледі.КВИ ақын алу және таралу жөніндегі іс-шараларға қатысатын ұйымдардан және тіршілікті қамтамасыз ететін кәсіпорындардан басқа, бұл ретте қызметкерлердің кемінде **80%-ы қапшықтықтан жұмыс атқарады(штаттық кестеде 30-дан астам қызметкер болғанда);**

27) аймақтарға бөлу талаптары және күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режим, ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда медициналық орталықтардың қызметіне (жазылу бойынша) рұқсат беруді;

28) туризм объектілері мен халықтың тұруы бойынша қызмет көрсетусаласындағы ұйымдардың (қонақ үйлер, отельдер, демалыс үйлері, туристік базалар және т. б.) қызметіне толықтыруды **80%-дан асырмай**, ҚР БМСД №57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда рұқсат беруді;

29) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда дәріханалардың қызметіне рұқсат беруді;

30) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда үздіксіз өндірістік циклі бар өнеркәсіп кәсіпорындарықызметіне, ашық ауадағы құрылыс жұмыстарына, ауыл және балық шаруашылығына, мал шаруашылығына рұқсат беруді;

31) ҚР БМСД-нің № 57- қаулының талаптары, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, (алдын ала жазылу бойынша көлік салонынд **2 клиенттен артық емес, ТҚС-да 3 клиенттен артық емес, тұрақты жұмыс орындары арасында кемінде 2 метр қапшықтық болуы**) жұмыс тәртібін сағат **08.00-ден 19.00-ге дейін** шектей отырып, келушілерге жанаспайтын қызмет

түрлерін көрсету объектілеріне (көлік жуу, көлік жөндеу, тұрмыстық техника жөндеу және т.б.) рұқсат беруді;

32) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда бизнес-орталықтары (сақтаңдыру компаниялары, адвокат, нотариус, бухгалтер және консалтинг, жылжымайтын мүлік жөніндегі агенттік, жарнама агенттіктері, сот орындаушылары қызметтері және т.б.), айырбастау пункттерінің, ломбардтардың жұмысын ұйымдастыруды;

33) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда жұмыс кестесін Халыққа қызмет көрсету орталықтарының, (бұдан әрі-ХҚКО), соның ішінде арнайы ХҚКО-ның жұмысы **жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) сағат 9.00-ден 18.00-ге дейін, сенбі күндері сағат 9.00-ден 14.00-ге дейін белгілей отырып, ұйымдастырылсын.** Карантин шараларын қамтамасыз ету үшін ХҚКО-ға және арнайы ХҚКО-ға бару Egov.kz, телеграмм-бот EgovKZBot 2.0 арқылы алдын ала жазылу бойынша жүзеге асыруды;

34) ҚР БМСД № 57-қаулысының талаптары сақталған жағдайда **жұмыс күндері сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін, сенбі күндері сағат 09:00-ден 14:00-ге дейін** шектей және онлайн форматта барынша қызмет көрсете отырып «Қазпочта» АҚ жұмысын ұйымдастыруды;

35) мемлекеттік көрсетілетін қызмет орталықтарында мемлекеттік кіріс ғимараттарының қызметі **жұмыс күндері (дүйсенбі-жұма) (түскі үзіліспен) сағат 09:00-ден 18:00-ге дейін** жұмыс уақытын шектей отырып, ұйымдастырылсын. Карантин шараларын сақтау үшін мемлекеттік кіріс органдарына (Кокшетау қ., Степногорск қ., Целиноград және Бурабай аудандары бойынша МКБ-ы www.kgd.gov.kz сайты, E-salyq мобильді қосымшасы арқылы **кезекті алдын ала броньдау**) немесе қалған өңірлердегі аумақтық басқармалар алдын ала жазылу бойынша халыққа қызмет көрсетулерін ұсынуды;

36) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі мен Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігінің актілері негізінде уақыты мен санын шектей отырып, қаржы нарығы субъектілерінің қызметіне рұқсат беруді;

37) Кокшетау, Степногорск қалаларын, Атбасар, Бурабай, Жақсы аудандарын қоспағанда, 2020-2021 оқу жылының екінші төқсанынан бастап сыныптарда 15 балаға дейін контингенті 300 оқушыға дейінгі қалалық және ауылдық мектептерде дәстүрлі форматта оқытуға; ата-аналардың өтініші бойынша сыныптарда 15 балаға дейін жинақтауды сақтау кезінде жалпы білім беретін мектептерде 1-5 кезекші сыныптарда, халықаралық мектептерде 7-сыныпқа дейін оқытуға рұқсат беруді;

38) бір адамға жеке форматта су ауданы 5 ш.м. болуы тиіс; алдын ала жазылу бойынша хауыз қызметіне **жұмыс режимі сағат 08.00-ден 19.00-ге дейін** рұқсат берілсін. **Жексенбі күндері тоқтата тұруды;**

39) **бетперде режимін және кемінде 2 метр қашықтықты сақтай отырып, 15 адамнан аспайтын жеке және ұйымдасқан топтар үшін** ерекше қорғалатын табиғи аумақтарға (мемлекеттік ұлттық табиғи парк, қорық, резерват және т.б.) баруға рұқсат беруді;

40) оңірлердегі эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, «Балдәурел» республикалық оқу-сауықтыру орталығы» РМҚК қызметіне рұқсат беру;

41) арнайы, мамандандырылған ұйымдардың, ерекше білім беру қажеттілігі бар балаларға арналған арнайы мектеп-интернаттардың (оның ішінде ата-анасының қамқорлығынсыз қалған жетім балаларға арналған), жалпы үлгідегі мектеп-интернаттардың, дарынды балаларға арналған мектеп-интернаттардың қызметіне рұқсат беруді;

42) бір мезгілде **30 адамнан асырмай** жинақтай отырып, күшейтілген санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтай отырып, облыстық командаларды даярлау үшін оқу-жаттығу жиындарын қайта бастауға рұқсат беруді;

43) қоғамдық көлікті, такси көліктерін, өнеркәсіптік аумақтарды, әуежайларды, балаларға арналған аула алаңдарын, азық-түлік және азық-түлік емес базарларды және басқа да қоғамдық орындарды санитариялық және дезинфекциялық өңдеу жүргізуді;

44) қала маңындағы жолушылар поездарын/электрпоездардың қозғалысын, қалааралық облысшілік автобустар, микроавтобус қозғалысын жандандыруды;

45) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулыларына сәйкес шектеу іс-шараларының сақталуына мониторинг жүргізу және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес санитариялық-карантиндік шараларды сақтамаған тұлғаларды әкімшілік жауапкершілікке тарты отырып, әкімдіктер жапындағы мобильді топтардың объектілерге іріктен тексеру жүргізуді;

46) мобильді мониторинг топтарының қызметін бақылау бойынша жұмыс топтар құруды;

47) халыққа COVID-19 таралуының алдын алу бойынша ақпараттандыру-түсіндіру жұмыстарын жүргізуді;

48) медициналық ұйымдарда, қарт адамдар мен мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған медициналық-әлеуметтік объектілерде, сәби үйлеріне, балалар үйлерінде, әлеуметтік оңалту орталықтарында, интернат үлгісіндегі мүгедек балаларға арналған оқу орындарында карантин режимі және санитариялық-дезинфекциялық режимді сақтауды;

49) COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) ауруларымен ауыратын науқастарға медициналық көмек көрсетуге тартылған инфекциялық стационар қызметкерлерін тұратын орынмен қамтамасыз етуді;

50) әртүрлі медицина ұйымдарының медицина қызметкерлерін (әртүрлі ұй-жайларда, олардың қарым-қатынас мүмкіндігін болдырмау мақсатында) бөлек орналастыруды және бөлек тамақтандыруды қамтамасыз етуді;

51) бір медицина ұйымының әртүрлі бөлімшелерінің қызметкерлерін ұй-жайларда бөлек орналастыруды және бөлек тамақтандыруды қамтамасыз етуді;

52) үйлерінде тұрамайтын инфекциялық стационар қызметкерлерінің COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) таралуының алдын алуға бағытталған орналастыру, тамақтану жағдайларын және басқа да іс-шараларды орындауын бақылауды қамтамасыз етуді;

53) қашықтықтан ақыл-кеңес беру мүмкіндігі үшін медицина қызметкерлерінің тұратын жерлерінде интернетке қолжетімділікті қамтамасыз етуді;

54) «Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-ы Ақмола облысы бойынша филиалының вирусологиялық зертханасының қызметкерлерін тұратын орынмен және тамақтандырумен қамтамасыз етуді;

55) әрбір медициналық ұйым үшін бөлек медицина қызметкерлері үшін тұратын жерінен жұмысқа дейін және кері бағытта көлікті қамтамасыз ету, кейіннен көлікті дезинфекциялауды;

56) ҚР БМСД-нің №57-қаулыға 32-қосымшаға сәйкес қауіпсіздік шараларын сақтай отырып, COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) көз жұмған адамның мәйітін жерлеуді ұйымдастыру үшін әрбір ауданда (қалада) бригада құрылсын;

57) COVID-19-дан (U07.1) және вирустық пневмониядан (U07.2) көз жұмған адамдардың мәйіттерін тасымалдауға арналған автокөлікпен, көмуге қатысатын адамдарды жеке қорғаныш құралдарымен қамтуды **қамтамасыз етеін**.

6. Ақмола облысы Денсаулық сақтау басқармасының басшысы:

1) профилактикалық егулерді және жылжымалы кешендер көрсететін қызметтерді қоспағанда, АМСК ұйымдарында жоспарлы скрининг және профилактикалық тексерулерді жүргізуді 50%-ға қысқартуды;

2) Қазақстан Республикасы мен Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлерінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындауды;

3) әрбір санитариялық бекетке тәулік бойғы жұмыс кестесін ескере отырып, орта медицина қызметкерлері қатарынан кезекшілерді бекітуді;

4) күнделікті деректерді Департаментке бере отырып, санитариялық бекеттерде адамдардың дене қызуын өлшеуді, сауалнама және карантин режимін бұзған науқастар мен қарым-қатынаста болған, аумаққа/аумақтан кіретін және шығатын адамдарға ақпараттық жүйесі бойынша бақылау жүргізуді;

5) алынған сәттеп бастап 3 тәуліктен аспаған ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтижесінің болуын бақылауды **қамтамасыз етеін**.

7. Ақмола облысы Полиция департаментінің басшысы:

1) Көкшетау қаласының карантин аймағына Ақмола облысында тұрмайтын адамдардың ПТР әдісімен COVID-19-ға тестілеудің теріс нәтижесі бар, оны алған сәттеп бастап 3 тәуліктен аспаған анықтамасыз кіруіне тыйым салуды;

2) Көкшетау қаласының әкімдігімен бірлесіп Көкшетау қаласының карантиндік аймағының периметрін уақытша орнатуды, блок бекеттерін орнату отырып, қашаға кіру және шығу пункттерін белгілеуді;

3) COVID-19 U07.1 және вирустық пневмония U07.2 ауру белгілері белгісіз (*тасымалдаушы*) тұлғаларды және ауру жағдайы расталған жақын қарым-қатынаста болған деп белгіленген оның қасындағы тұлғалардың үйдегі карантинді сақтайтынын бақылауға жәрдемдесуді;

4) қызметі рұқсат етілген объектілерде карантин шараларының, санитариялық-дезинфекциялық режимнің сақталуын бақылауға жәрдемдесуді,

бұзушылық анықталған жағдайда Әкімшілік құқық бұзушылықтары туралы кодексі негізінде тиісті әкімшілік шаралар қолдануды қамтамасыз етеін.

8. Тауарлар мен көрсетілетін қызметтердің сапасы мен қауіпсіздігін бақылау басқармаларының басшылары:

1) Қазақстан Республикасының және Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрісрінің қолданыстағы қаулыларының талаптарын орындауды;

2) халықты сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету жөнінде қажетті шаралар қабылдай отырып, сумен жабдықтау объектілерінің жұмысын бақылауды;

3) әкімшілік шаралар қолданусыз халық тұтыпатынауыз су сапасына санитариялық-эпидемиологиялық мониторинг жүргізуді;

4) карантин режимінің сақталуын бақылау аясында азық-түлік дүкендерін және тамақ жеткізуді жүзеге асыратын қоғамдық тамақтандыру ұйымдарын қадағалауды;

5) COVID-19 (U07.1) және вирустық пневмония (U07.2) ауыратын науқасты сұрастыруды;

6) тәускел тобындағы (жүрек-қан тамыр жүйесінің созылмалы аурулары, қант диабеті, метаболикалық синдром, бүйректің созылмалы ауруларымен ауыратын 60 жастан асқан адамдар, жүкті әйелдер) адамдар жөк симптомсыз вирус тасымалдаушылардың ошақтарын келісінше, эпидемиологиялық тексеру картасын ресімдей отырып, COVID-19 жағдайларын эпидемиологиялық тергеп-тексеруді қамтамасыз етеін. COVID-19 жағдайларын эпидемиологиялық тергеп-тексеруді мынадай басымдықта жүргізу керек: симптомдары бар COVID-19 жағдайларының ошақтары; симптомсыз ағымы бар COVID-19 жағдайларының ошақтары; басқа ошақтар. Пациент туралы деректер Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің COVID-19 Веб-қосымшасына енгізіледі»;

7) ҚР БМСД-нің №57-қаулына 36-қосымшаға сәйкес үй карантиніндегі байланыста болған сондай-ақ олармен бірге тұратын адамдарға үйде оқшаулау (үй карантині) қағидаларын сақтау қажеттілігі туралы қол койғызып хабарлауды;

8) зертханалық растауды алған сәттен бастап 12 сағат ішінде COVID-19 әрбір жаңа жағдайы туралы ақпаратты «ҚР ДСМ Қоғамдық денсаулық сақтау ұлттық орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына ұсынууды;

9) инфекциялық стационарларда және өзге де денсаулық сақтау ұйымдарында эпидемияға қарсы режимнің сақталуын бақылауды;

10) халықты COVID-19 таралуы бойынша ағымдағы эпидемиологиялық жағдай және оңірлерде қолданылатын шаралар туралы хабарлар етуді;

11) COVID-19(U07.1) алдып алу шаралары туралы халық арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстарын күшейтуді;

12) санитариялық-карантиндік талаптардың шарттарын сақтамағаны үшін әкімшілік ықпал ету шараларын қабылдауды;

13) медициналық ұйымдардың «Дамумед» АЖ-і арқылы байланыста болған адамдарға қаптықтықтан мониторинг жүргізуін бақылауды қамтамасыз етеін.

9. Ақмола облысы ішкі саясат басқармасы, аудандар мен Көкшетау, Степногорск қалаларының әкімдері:

1) бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы 2 күн ішінде қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы халыққа хабарлар етуді;

2) халық үшін қосымша қабылданған шектеу шаралары туралы жаңдамалар, оның ішінде шұғыл және апат қызметтерінің барлық қажетті байланыстарын көрсете отырып, шектеу іс-шаралары кезеңде кошелерде қауіпсіздік шараларын, жүріс-тұрыс ережелерін сақтау туралы азаматтарға арналған нұсқаулықтар әзірлеуді;

3) облыс тұрғындары арасында жұқтыру ошақтарын оқшаулау және оның таралу қаупін азайту бойынша қабылданатын шаралар туралы бұқаралық ақпарат құралдарында ақпарат жариялау жүргізуді **қамтамасыз етсін.**

10. Ұлттық сараптама орталығы» ШЖҚ-ндағы РМК-нің Ақмола облысы бойынша филиалы Қазақстан Республикасы мен Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің қолданыстағы қаулылары талаптарының орындалуын қамтамасыз етсін.

11. «Ақмола облысының аумағында карантиндік шектеу шараларын қатаңдату туралы» Ақмола облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 03 қарашадағы № 136 қаулысының күші жойылды деп танылып.

12. Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласында қызметті жүзеге асыратын Ақмола облысының қалалары мен аудандарының тиісті аумағындағы Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерлері қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты карантин шараларын күшейту туралы шешім қабылдауға құқылы.

13. Мешік нысанына қарамастан, барлық жеке және заңды тұлғалар Қаулыны орындауға міндетті.

14. Осы қаулы барлық мүддені ведомстволардың назарына жеткізілсін, халыққа бұқаралық ақпарат және әлеуметтік желілер арқылы хабарлар етілсін.

15. Осы қаулының орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

16. Осы қаулы қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты ұзарту және жеңілдету ықтималдығымен 2020 жылғы 13 қараша күні сағат 00:00-ден бастап күшіне енеді.

Ақмола облысының
Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігері



А.Мусина

Ақмола облысының Бас мемлекеттік
санитариялық дәрігерінің
2020 жылғы «10» 11
№ 190 қаулысына
қосымша

**COVID -19 өкелінуі мен таралуының алдын алу жағдайына
санитариялық бекеттердің қызметінің
алгоритмі**

1. Санитариялық бекеттер карантин аймағына/аумағына кіру және шығу пункттерінде орнатылады.
2. Жұмысқа тартылған ведомстволардың басшылары санитариялық бекеттің қызметкерлерін жеке қорғану құралдарымен (медициналық бетпердегер, қолғаптар) және қолға арналған антисептиктермен қамтамасыз етуі тиіс.
3. Жұмысқа тартылған ведомстволардың басшылары жұмыс кестесін бекітеді және блокбекеттің қызметкерлері үшін ыстық тамақтануды ұйымдастыруды қамтамасыз етеді.
4. Санитариялық бекеттердің қызметкерлері жеке қауіпсіздік шараларын сақтауға міндетті.
5. Ақмола облысы Полиция департаментінің қызметкерлері Көкшетау, Степногорск қалашырына/қалашырынан кіру және шығу кезінде санитариялық бекеттерде автокөлікті тоқтатады және қызылдық тәртіпті қамтамасыз етеді.
6. Сұрақ қою кезінде сұралатын тұлға мен санитариялық бекеттің қызметкері арасындағы қауыптық кемінде 1 метр сақтауды қамтамасыз ету қажет.
7. Медицина қызметкері санитариялық бекетте адамдардың дене қызуын өлшейді, сауалнама жүргізеді, науқастардың және карантин бұзын қарым қатынастағылардың ақпараттық жүйесі бойынша бақылауды жүзеге асырады. ПТР әдісімен тегілеудің теріс нәтижесінің болуын бақылау.
8. COVID-19 күдікті тұлғалар анықталған кезде (респираторлық белгілері (жөтел, температура (сұралушының сөзінен), енгізу) болған кезде, сондай-ақ эпидемиологиялық сыртартқысызда COVID-19 расталған жағдаймен байланыс болуы бұрын кезде, Медицина қызметкері оңш инфекциялық стационарына тасымалдау үшін жедел медициналық жәрдемді шақырады.
9. Жедел медициналық жәрдем келіні келгенге дейін, науқасқа медициналық бетперде ұсыну және кемінде 1 метр қауыптықты сақтау қажет.
10. Санитариялық бекеттерде орта буындағы медицина қызметкері, полиция қызметкерлері волонтерлар бір рет қолданылатын медициналық бетперделерді, қолғаптар мен халаттар пайдаланады. Бетперде ауыстыру әрбір 2 сағат сайын жүзеге асырылады.